**БЕКІТЕМІН**
**Шымкент университетінің**
**ректоры п.ғ.д., профессор**
**_________ Н.А. Сейітқұлов**
**«___» _________ 2023 ж.**

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

## МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ПЛАГИАТҚА ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ

## ЕРЕЖЕ

## СМЖ ШУ УЕ 01-22-2023

| *Қызметі* | *Қолы* | *Аты-жөні* |
|---|---|---|
| **Келісілді:** | | |
| Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор | | Керімбекова А.А. |
| Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы | | Айдарова А.А. |
| Заң қызметінің басшысы | | Асилханов Н.С |

| *қызметі* | *қолы* | *А.Ж.Т.* |
|---|---|---|
| **Әзірлеген:** | | |
| Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының директоры | | Сабдалина А.К. |
| Құжаттың жарамдылық мерзімі:<br>«27» 10 2023ж.<br>«27» 10 2026ж. дейін<br>ұзартылды:<br>«___»________20__г. | Енгізілді:<br>№112-24 бұйрық<br><br>Енгізілген күні:<br>«27» 10 2023ж. | **СМЖ ШУ УЕ 01-22-2023**<br>Басылым 2<br><br>Тіркеу №22<br>Көшірме №1 |

Сканировано с CamScanner

**Мазмұны**

| | |
|---|---|
| 1. Қолдану саласы | 3 |
| 2. Сілтемелік құжаттар | 3 |
| 3. Процедураның сипаттамасы | 4 |
| 3.1.Магистрлік диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі | 4 |
| 4. А қосымшасы Танысу парағы | 6 |
| 5. Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы | 7 |

## 1.ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Магистрлік диссертацияны плагиатқа тексеру ережесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, университеттің білім беру қызметінің сапасын басқаруын ары қарай дамыту және ілгерілендіру, жауапкершілікті және магистранттардың аналитикалық жұмыстарына дайындық дәрежесін күшейту мақсатында әзірленді және магистрлік диссертация үшін міндетті түрде өткізілетін плагиатқа тексеру жұмыстарының қағидалары мен тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже - Шымкент университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

1.3 Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағида магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

1.4 магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;

1.5 плагиат – өзге адамның жазбаша мәтіндері пайдаланылған кезде автордың есімі мен қай деректен алынғаны көрсетілмеген және де пайдаланылған мәтін ауқымының көлемі мен пайдалану сипатына күмән келтіретін мәтіндер.

1.6 Парафраза (плагиаттың түрі) – өзге адамның ойлары мен сөздерін өз сөздерімен қайта айту.

1.7 Компиляция – қайнар көздерін өзіндік өндеместен өзгелердің зерттеулерін жинақтау және осы тәсілмен жасалған жұмыс.

## 2.СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.( өзгерістер мен толықтырулар ҚР 16.11.2023 № 40-VIII бұйрығы)
2.2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен ( өзгерістер мен толықтырулар 20.02.2023 № 66 бұйрығы)бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары».
2.3 Университеттің Академиялық Саясаты

## 3. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 3.1 Магистрлік диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі

3.1.1Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін университет өзі анықтайды.

3.1.2 Белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген магистрлік диссертация алдын-ала қорғау рәсімінен өту және ғылыми жетекшісінің пікірін алу мақсатында шығарушы кафедраға академиялық күнтізбеге сәйкес қорғау күнінен бұрын үш ай кешіктірмей ұсынылады.

3.1.3 Ғылыми жетекшінің және бар болған кезде ғылыми кеңесшісінің пікірлері алдын-ала қорғау ресімінен кейін 10 (он) күннің ішінде «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілген жоқ» деген дәлелді тұжырымдамамен магистрантқа беріледі. Алдын-ала қорғау рәсімінен кейін магистрлік диссертация плагиатқа тексеруге жіберіледі.

3.1.4 Барлық магистрлік диссертацияларды плагиатқа тексеру жүргізілуі тиіс.

3.1.5 Ғылыми жетекші зерттеу мәселелері бойынша кеңес береді, жеке жоспардың орындалуын қадағалайды және магистрлік диссертацияда зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне, сапасына және уақытылы орындалуына және онда плагиаттың жоқтығына жауапты.

3.1.6 Магистрант магистрлік диссертацияда пайдаланылып отырған өзге адамның жазбаша мәтіндері, нысаналы мақсатына сай, авторының есімін және қай деректен алынғаны міндетті түрде көрсете отырып, диссертацияның ғылыми, зерттеу, пікірталас, сыни және ақпараттық мақсатына қолданыла алынады. Егер магистрлік диссертацияда пайдаланылып отырған өзге адамның жазбаша мәтіндері ереженің талаптарына жауап бермесе және осы пайдаланылған мәтін ауқымының көлемі мен осында қарастырылып отырған өзекті проблемасын ашу мақсатынан ауытқу пайдаланылса, ондай магистрлік диссертацияда плагиатты мәтіні бар деп танылады.

3.1.7 Магистрант диссертацияның тексеруге мерзімінде ұсынылуына жауапты.

3.1.8 Плагиатқа тексеру жүргізу үшін университеттің мұрағатындағы ғылыми еңбектерді және келісім негізінде өзге мекемелердің ғылыми мұрағаттарындағы, ашық қолданымдағы электронды нысандағы мұрағаттарды пайдаланылады.

3.1.9 Тексеру бойынша магистрлік диссертацияны магистранттың өзіндік орындау дәрежесіне сай қорытынды беріледі.

3.1.10 Магистрлік диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, пайдаланылған еңбектің қайнар көзіне сілтеме жасай отырып, оның плагиаттығы туралы сипаттама беру керек. Мұндай қорытынды магистрлік диссертацияны қорғауға жібермеуге негіз болып табылады.

3.1.11 Егер магистрлік диссертацияда плагиат анықталмаса, онда осы туралы қорытындыға «плагиат анықталмады, барлық пайдаланылған өзге адамдардың жазбаша мәтіндері нысаналы мақсатына сай, автордың есімі және қай деректен алынғаны көрсетіле отыра пайдаланған» – деп жазылу тиіс.

3.1.12 Магистрлік диссертацияны плагиатқа тексеру жұмыстарын жүргізу кезінде ақылы қызметтер мен барлық өзге шығындар магистранттың есебінен жүргізіледі.

3.1.13 Магистранттың диссертациялық жұмысы плагиаттық тексеруден өткеннен кейін сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша магистрантты диссертациясын қорғауға жіберу туралы анықтама дайындалады.

3.1.14 Магистрант өткізілген тексеру қорытындысымен танысуға құқылы.

3.1.15 Магистрлік диссертацияға плагиатқа тексеру жүргізілгені туралы сараптама комиссияның қорытындысынсыз магистрлік диссертация қорғауға жіберілмейді.

А қосымшасы
(міндетті)

**Танысу парағы**

| Лауазымы | Т.А.Ж. | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| ЖООК ББО-ның директоры | Сабдалиева А.К. | 30.10.23. | |
| ЖООК ББО-ның аға координаторы | Жомабергенова Н. | 30.10.23. | |
| ЖООК ББО-ның координаторы | Әбіл М.П. | 30.10.23. | |
| Педагогика және психология каф.меңг. | Ибрагим К.Э. | 30.10.23. | |
| Математика және информатика каф. меңгеру | Кобеева З.С. | 30.10.23. | |
| Биология және химия каф. меңгеру | Тиленова К.Б | 30.10.23. | |
| Бизнес және басқару кафедра меңгеру. | Әбілқасым А.Б. | 30.10.23 | |
| Филология кафед меңгерушi. | Бекібаева Т.А | 30.10.23 | |
| | | | |
| | | | |

Ф 4.01.06



Сканировано с CamScanner

**Б қосымшасы**

(міндетті)

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

| № | Өзгеріс туралы хабарлама № | Өзгерісті бекіту күні | Құжатқа өзгерісті енгізген | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өзгерісті енгізуді жүзеге асырушының аты-жөні | Қолы | Күні |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Ф 4.01.07